

ҚАЗАҚСТАННЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖОБАЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТ («АҚТӨБЕ – АДАЛДЫҚ АЛАҢЫ» ЖОБАЛЫҚ ОФИСІ МЫСАЛЫНДА)

ЕСБЕРГЕН РАУШАН ӨКІМГЕРЕЙҚЫЗЫ	э.ғ.к., доцент, ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару Академиясының Ақтөбе облысы бойынша филиалы, Ақтөбе
ҚУАНЖАНОВА ҚҰНДЫЗ ТҮГЕЛБАЕВНА	PhD, аға оқытушы, ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару Академиясының Ақтөбе облысы бойынша филиалы, Ақтөбе
МУСИРАЛИНА БҰЛБҰЛ ОҚАСОВНА	психология магистрі, ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару Академиясының Ақтөбе облысы бойынша филиалы, Ақтөбе
СҰЛТАНБЕКОВ АҚАНСЕРІ ЕРЖАНҰЛЫ	«Ақтөбе-адалдық алаңы» жобалық кеңсесі басшысының орынбасары, Ақтөбе

УДК: 338.28

Аңдатпа. Мақалада әлемдік тәжірибеде қазіргі заманғы тиімді басқару технологиясы болып табылатын жобалық менеджмент қағидаттарын Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесіне енгізу мүмкіндіктері талданады. Жобалық менеджмент шекті ресурстар жағдайында ерекше нәтиже алуға бағытталған уақытша кәсіпорын ретінде Қазақстанның мемлекеттік басқару секторындағы бюджет ресурстарын тиімді пайдалануды қарастырады. Мақаладағы жасалған негізгі қорытындылар мен ұсыныстар жобалық менеджментті дамыту жөніндегі халықаралық стандарттарға, Қазақстан Республикасының стратегиялық құжаттары мен заңнамаларына негізделген.

Түйін сөздер: жоба, жобалық басқару, жобалық басқару стандарты, жобалық офис, тиімді басқару, жобалық менеджмент қағидаттары

Аннотация. В статье анализируются возможности внедрения в системе государственного управления Республики Казахстан принципов проектного менеджмента, являющихся современной эффективной технологией управления в мировой практике. Проектный менеджмент предусматривает эффективное использование бюджетных ресурсов в секторе государственного управления Казахстана как временного предприятия, направленного на получение уникальных результатов в условиях ограниченных ресурсов. Выводы и рекомендации основаны на международных стандартах по развитию проектного менеджмента, стратегических документах и законах Республики Казахстан.

Ключевые слова: проектное управление, стандарт проектного управления, проектный офис, эффективное управление, проектный менеджмент

Annotation. The article analyzes the possibility of implementation of the principles of project management in the system of public administration of the Republic of Kazakhstan, which is a modern effective management technology in the world. Project management provides for the effective use of budgetary resources in the public administration sector of Kazakhstan as a temporary enterprise aimed at obtaining unique results in conditions of limited resources. The main conclusions and recommendations made in the article are based on international standards for the development of project management, strategic documents and laws of the Republic of Kazakhstan.

Keywords: project management, project management standard, project office, effective management, project management

Кіріспе.

«Қазақстан-2050» Стратегиясында Елбасы жобалық менеджмент стратегиялық жоспарлау және қаржылық жоспарлаумен қатар алдағы уақытта мемлекеттік басқарудағы жаңғырудың мәні болуы тиіс деп атап өтті [1].

Мемлекеттік қызметті дамытудың жаңа жүйесіне өту үшін жеткілікті институционалдық және кадрлық әлеует бар – атап айтқанда, басқару мен шешім қабылдаудың алдыңғы қатарлы технологияларын, оның ішінде жобалық менеджмент енгізу. Жобалық басқарудың негізгі артықшылықтары бизнес-

процестерді ұтымды ету және құрылымдау, ресурстарды үнемдеу, командалық жұмыс есебінен мөлдірлікті қамтамасыз ету, дәл жоспарлау арқылы нақты нәтижелерге қол жеткізу, ақырғы нәтижелерге қол жеткізу үшін жауапкершілікті күшейту және тиімді ведомствоаралық өзара іс-әрекет болып табылады. Бүгінгі таңда мемлекеттік органдардың жобалық басқарудың түрлі тәсілдерін енгізуге жоғары мүдделік танытып келеді. Пилоттық режимде «Рухани жаңғыру», «Жаңғырту 3.0» және өңірлердегі «Адалдық алаңы» бағдарламалары жобалық тәсілмен

жүзеге асырылуда, яғни жобалық офистер мен енгізу штабтары құрылды.

Мемлекет жол құрылысы, халықты интернетпен қамтамасыз етуден бастап денсаулық сақтау, құқық қорғау, білім беру саласына инновация енгізуге дейінгі әртүрлі жобалардың бастамашысы және жүзеге асырушысы болып табылады. Дегенмен республикалық бюджеттің орындалуына бақылау жөніндегі Есеп комитетінің есептері көрсетіп отырғандай, мемлекеттік инвестициялық жобаларды жүзеге асыру «тиімсіз орындау» және «жеткіліксіз тиімділікпен» сипатталады. Мемлекеттік бюджетпен қаржыландырылатын жобалардың жүзеге асырылуы бойынша ақырғы нәтижеге мониторинг жүргізілмейді.

Осылай жобаларды әлсіз ұйымдастыру үлкен қаржыны жоғалтуға әкеліп соқтырып отыр. PMI – жобалық менеджмент Институтының 2016 жылғы жобаларды басқаруға ғаламдық шолу нәтижесі бойынша жобаға инвестицияланған әрбір миллиард долларға жоғалтылған 122 миллион доллар сәйкес келеді [2].

Ресурстардың тиімділік мәселесін басшылыққа ала отырып, АҚШ, Ұлыбритания, Жапония, Сингапур, Ресей сияқты елдердің әрекет етуші үлгілерін зерттей келе, әлем елдері Жобалық басқаруға назар аударды. АҚШ 2016 жылдан бастап барлық федералдық басқару органдарының қызметінде бағдарламалық және жобалық басқару стандарттарын қолданады. Жапонияда мемлекеттік басқарушылардың сертификатталған жобалық менеджері болу талабы соның айғағы болып табылады [3].

Әлемдік экономикалық және қаржылық дағдарыс жағдайында қазақстандық мемлекеттік құрылымдар мен қоғамды экономиканың дамуы мен өсуінің қазіргі заманғы кезеңінде бюджеттік процедураларды жетілдірудің ең сапалы жаңа деңгейіне трансформациялау үшін жобалық басқаруды енгізу уақыт талабы болып табылады [4].

Қазақстандағы жобалық басқаруды игеру идеясын Н. Назарбаев 1993 ж. Қазақстанның I инженерлер съезінде қолдады. Ол “жобаларды басқару” немесе

“жобалық менеджмент” ерекшелігі мен артықшылығы - идея іздеуден бастап пайда алғанға дейінгі барлық инвестициялық циклді үзіліссіз қадағалау және инженерлік қолдауға бағдарланады деген. Дегенмен Қазақстанда жобалық менеджмент саласында оң өзгерістер 2014 жылы басталды. «Жобаларды басқару бойынша нұсқаулық» СТ РК ISO 21500:2014 стандарты қабылданды.

«Шекті ресурс жағдайында мақсатқа қол жеткізу өнері» жобалық басқаруға жатады. Бұл технология табыстылығының формуласы «жобаны дұрыс басқару» жобаны сауатты жоспарлау және табысты жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Жобаның сиқырлы үшбұрышы – сапа-мерзім-бюджет болып табылады.

Статистика көрсетіп отырғандай, жобаларды басқару құралдарын пайдалану 20-30% уақытты, 15-20% жобалар мен бағдарламаларды жүзеге асыруға ақша құралдарын үнемдеуге мүмкіндік береді. Әлемдік сарапшылардың бағалауы бойынша, барлық әлемде 24,4 млн маман жобалық-бағдарланған қызметке тартылған. Олардың қызметі түрлі салаларда өзгерістерді жүзеге асыру, жаңа өнімдер және қызметтер жасауды қамтиды.

Қазақстан мемлекеттік секторда жобалық менеджмент әдіснамасын енгізу бойынша алғашқы қадамдар жасалады. Отандық тәжірибе көрсетіп отырғандай, бұл әдіснаманы қолданусыз қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу қиын. Мемлекеттік секторда жобалық менеджмент құралдарын енгізу бюджеттік жоспарлауды жақсартуға, бюджет құралдарын пайдалану тиімділігін арттыруға, сонымен қатар мемлекеттік инвестициялық жобаларды сапалы жүзеге асыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Алдыңғы қатарлы шетелдік компаниялардың тәжірибесі көрсетіп отырғандай, халықаралық менеджмент жүйелері ішкі және сыртқы ортада болатын өзгерістерге жедел реакция беруге, қызмет мақсаттары мен басты көрсеткіштеріне қол жеткізу үрдістерін тиімді басқаруға ықпал етеді. Көптеген компаниялардың жобалық қызметі халықаралық стандарттарға негізделеді.

1987 жылы PMI кең таралған стандарт (A Guide to the Project Management Body of Knowledge, PMBOK Guide) қабылданды. Бұл стандарт 1999 жылдан бастап АҚШ-тың ұлттық стандартына айналды [5].

Әлемдік нарықта одан басқа тағы екі стандарт үлкен сұранысқа ие: Халықаралық жобаларды басқару ассоциациясының жоба менеджерінің құзыреттіліктерін бағалау стандарты (International Project Management Association, IPMA, Швейцария) және жапониялық «Кәсіпорынның инновациялық жобалары мен бағдарламаларын басқару бойынша нұсқаулық» P2M стандарты (A Guidebook of Project and Program Management for Enterprise Innovation).

Жобалық басқарудың маңыздылығын түсіну мемлекеттік деңгейде артып келеді. Мемлекеттік органдар мемлекеттік секторға жобалық менеджмент стандарттарын енгізуге мүдделік танытып отыр. Жобаларды басқару саласында СТ РК ISO 21500-2012 «Жобаларды басқару жөніндегі нұсқаулық» ұлттық стандартты қабылдау маңызды оқиға болды. Бұл стандартты қабылдау Қазақстан экономикасының түрлі салаларында мемлекеттік инвестициялық жобаларды жүзеге асыру барысында жаңа мүмкіндіктер ашты.

Мемлекеттік жобалар мен бағдарламаларды табысты жүзеге асыру үшін жобалық менеджмент бойынша білікті мамандардың қатысуымен құрылған команданың жобаны басқару бойынша бекітілген құжаттар негізінде жобалық менеджментті неғұрлым белсенді пайдалану мүмкін болып табылады.

Қазіргі таңда нәтижелер бойынша басқару жүйесін енгізу өзекті болып табылады, осыған орай ең тиімді құралдардың бірі жобалық басқару ұсынылады. Жобалық менеджмент жүйесін енгізудің артықшылықтарының бірі – міндеттемелерді бөлу және орындау тиімділігін, жұмыс сапасын арттыруда, тәуекелдер мен ауытқулар ықтималдығын төмендетуде және негізделген басқарушылық шешімдер қабылдауда.

Мемлекеттік басқару жүйесіне жобалық менеджментті табысты енгізу

үшін бірнеше бағытта жұмыстар жүргізілуі керек: біріншіден, мемлекеттік қызмет саласындағы қызметкерлердің жобалық ойлау машықтарын қалыптастыру; екіншіден, іс жүргізуді бір жүйеге келтіру; жобалық басқару стратегиялық басқарумен жиынтықта жүргізілуі керек; үшіншіден, жоба таңдауда сәйкес критерийлер ескерілуі керек; төртіншіден, жобаларды басқаруды реттейтін нормативті-құқықтық базаны уақытылы жетілдіру маңызды. Жобалық басқару сияқты жаңа инновациялық басқару технологияларын енгізу сәйкес инфрақұрылым, ресурстар, адам әлеуетін талап етеді. Сондықтан жобалық басқару технологияларына негізделген бастамаларды енгізу және жүзеге асыруда осы алғышарттар басшылыққа алынуы тиіс.

Мемлекет басшысы 2017 жылғы 31 қаңтардағы Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауында еліміздің жаһандық бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге және Қазақстанды әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына тұрақты түрде алға жылжытуға қабілетті экономикалық өсудің жаңа моделін құруға бағытталған Үшінші жаңғыру шеңберінде ел дамуының негізгі басымдықтарын айқындады.

Мемлекет басшысының алға қойған міндеттерін тиімді шешу үшін Қазақстанның Үкіметі дәстүрлі басқару тетіктерімен қатар берілген бағыт бойынша өзгерістер мен тәуекелдерді басқарудың арнайы құралы – жобалық басқару жүйесін енгізді. Халықаралық тәжірибені талдау негізінде Қазақстан Республикасының Үкіметінде жобалық басқару моделі әзірленді.

Үкіметте жобалық басқарудың негізгі мақсаты экономиканың өсу қарқынын жеделдету үшін қосымша шараларды іске асыруды қамтамасыз ету болып табылады. Жобалық басқару департаменті мемлекеттік органдарға жобалық басқаруды енгізу бойынша үйлестірушілік және әдіснамалық қолдау көрсетеді. Функционалдық міндеттерге жобалардың іске асырылуын мониторингілеу, мемлекеттік органдардың нысаналы көрсеткіштерін әзірлеуді және оған қол жеткізуді талдамалық сүйемелдеу, сондай-ақ жобалық басқару бойынша халықаралық

тәжірибені зерделеу және қолдану кіреді [6].

Қазақстанда рухани жаңғыру жобасынан өзге бүгінгі таңда Астана «Ақылды қаланың» қазақстандық үлгісі болып табылады. Құрылып жатқан Digital-кеңістік қала тұрғындары мен қонақтарына қызметтерді үйден шықпай-ақ алып, төлемдер жасауға мүмкіндік береді. ХҚКО-да, ұйымдарда өткізілген түрлендірулер G2C, G2B немесе Мемлекет – Азаматтар, Мемлекет – Бизнес қарым-қатынастарын жаңа деңгейге шығарды.

Сыбайлас жемқорлықты азайту мақсатында сандық технологиялар құқық қорғау органдарының дәстүрлі процедураларына белсенді енгізілуде. Бұл сондай-ақ тұрғындармен жеке байланысты болдырмауға мүмкіндік береді.

Елімізде сыбайлас жемқорлықтың алдын-алуға жаңа әдістер енгізу мақсатында басқарудың жаңа технологиясы - жобалық менеджментті басшылыққа алды. Сыбайлас жемқорлықтың алдын-алуға бағытталған жобаның негізгі міндеттері - тұрғындардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлқы үлгісін одан әрі дамыту мен жемқорлық мәселесін мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру арқылы шешу, тұрмыстық жемқорлықты жою, азаматтар және бизнес үшін кедергісіз және қолайлы жағдайлар жасау, мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығы, ауқымды қоғамдық бақылау жүргізу болып табылады. Жоба аясында мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің еңбекақысын қайта қарау, мекеме басшыларының жеке жауапкершілігін арттыру, қызметтердің барлық бағыттары бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды арттыру сияқты мәселелер қамтылып отыр.

Аталмыш жоба аясында жергілікті атқарушы органның азаматтық қоғаммен тиімді кері байланысы құрылып отыр, атап айтқанда, бөлім, департамент басшыларымен тікелей эфирде сұрақ-жауап форматында сұхбаттасу ұйымдастырылады. Тұрғындардың қалада өткізіліп жатқан реформаларға қоғамдық бақылаумен қатар, оның тыныс-тіршілігіне белсенді қатысуға

барлық мүмкіндіктері бар. Осы себепті пилоттық жобаны жүзеге асыру үшін Астана қаласы таңдап алынды. Жоба тиімділігіне көз жеткізгеннен соң, барлы облыс орталықтарында жобалық офистер өз қызметін бастады. Елорда мен өңір орталықтарындағы жобалық офистің басты мақсаты азаматтар мен бизнеске кедергісіз жайлы жағдай жасау, мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығы, кең ауқымды қоғамдық бақылау сияқты мемлекеттік қызметтердің сапасын жақсарту бойынша шешімдер арқылы болашақта азаматтардың жемқорлыққа қарсы мінез-құлқы моделін және жемқорлықтан бас тартатын қоғамдық атмосфераны дамыту болып табылады.

«Ақтөбе – адалдық алаңы» жобасын жүзеге асырудың негізгі бастамасы 2018 жылғы 5 қазандағы Елбасының «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» Жолдауы болып табылады. «Ақтөбе – адалдық алаңы» жобасының міндеті төмендегілер болып табылады [7]:

- Ақтөбе облысында азаматтардың мемлекеттік билік институттарына сенімін арттыру;
- жемқорлық деңгейін төмендету;
- сыбайлас жемқорлықты қабылдамаудың қоғамдық ахуалын қалыптастыру.

Тұрмыстық жемқорлықты жою және қолайлы жағдай жасау төмендегі бағыттарда жүзеге асырылады:

- 1) білім;
 - 2) денсаулық сақтау;
 - 3) халықты әлеуметтік қолдау;
 - 4) сәулет, құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық;
 - 5) ауыл шаруашылығы және жер қатынастары;
 - 6) мемлекеттік кірістер органдары;
 - 7) сот және құқық қорғау органдары;
 - 8) бірінші басшылардың дербес жауапкершілігі:
- Қоғамдық бақылауды іске асыру
- 1) қоғамдық бақылау картасы;
 - 2) интерактивті қоғамдық бақылау картасы;
 - 3) мемлекеттік сатып алуды талдау.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім;
2) ақпараттық жұмыс.

Кесте 1 - «Ақтөбе –адалдық алаңы» жобасының бағыттары

«Тұрмыстық сыбайлас жемқорлықты жою және жайлы жағдайларды жасау» саласының «Сәулет, құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық» бағыты бойынша жобалық топ
«Тұрмыстық сыбайлас жемқорлықты жою және жайлы жағдайларды жасау» саласының «Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары» бағыты бойынша жобалық топ
«Тұрмыстық сыбайлас жемқорлықты жою және жайлы жағдайларды жасау» саласының «Мемлекеттік кіріс органдары» бағыты бойынша жобалық топ
«Тұрмыстық сыбайлас жемқорлықты жою және жайлы жағдайларды жасау» саласының «Сот және құқық қорғау органдары» бағыты бойынша жобалық топ
«Тұрмыстық сыбайлас жемқорлықты жою және жайлы жағдайларды жасау» саласының «Бірінші басшылардың жеке жауаптылығы» бағыты бойынша жобалық топ
«Қоғамдық бақылауды іске асыру» саласының «Қоғамдық бақылау картасы» бағыты бойынша жобалық топ
«Қоғамдық бақылауды іске асыру» саласының «Қоғамдық бақылаудың интерактивті картасы» бағыты бойынша жобалық топ
Қоғамдық бақылауды іске асыру» саласының «Мемлекеттік сатып алулар мониторингі» бағыты бойынша жобалық топ
«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет» саласының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім» бағыты бойынша жобалық топ
«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет» саласының «Ақпараттық жұмыс» бағыты бойынша жобалық топ
Ескерту: «Адалдық алаңы» жобалары http://kyzmet.gov.kz/ru/kategorii/proekt-astana-adaldyk-alany

Жоба жұмысын, транспорттық шығындарды төлеу, кеңсе тауарлары мен техникалары және басқа да материалды шығындарды қаржыландыру Ақтөбе облысының жергілікті бюджеті есебінен жүзеге асырылады. Жоба басшысы мемлекеттік қызметкер болған жағдайда жалақы мен іс-сапарлық шығындар негізгі жұмыс орнынан төленеді.

«Ақтөбе – адалдық алаңы» жобасы аясында бірқатар жұмыстар атқарылды. Атап айтқанда, қоғамдық және жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында автокөліктерді техникалық байқаудан өткізу бойынша рейдтік жұмыстар жүргізіліп, нәтижесінде Ақтөбе қаласындағы мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталығы бойынша заңсыз техникалық байқау карталарын (Диа карталар) беру фактілері анықталып, алынған материалдар Көліктік бақылау инспекциясына жіберілді.

Заңсыз әрекеттері үшін «Бурнай» ЖШС-не 30 айлық есептік көрсеткіш

(АЕК) көлемінде айыппұл салынып, республикалық техникалық байқау операторларының тізімінен біржола шығару туралы сот шешімі қабылданды. Бұл республикалық деңгейдегі өзекті мәселе болып табылады. Көршілес Ресей, Армения елдерінен келіп жатқан автокөліктерінің сол елдердің жалған техникалық байқау карталарын жасау фактілері де бар. Мұндай құқық бұзушылықтар нәтижесінде ақауы бар автокөліктерді қолдануға рұқсат беріліп, нәтижесінде азаматтардың өмірі және қауіпсіздігіне тікелей қатер төнеді.

Қазіргі уақытта жобалық кеңсемен «Жүргізуші куәлігін беру» және «Автокөліктерді мемлекеттік тіркеу» мемлекеттік қызметтерін аудандық жерлерде Азаматтарға арналған үкімет арқылы көрсету мүмкіндігі қарастырылуда. Бүгінгі күнге дейін бұл қызметтер Хромтау, Шалқар, Темір және Мұғалжар аудандарында полиция департаментінің тіркеу-емтихан бөлімдерімен көрсетіліп келді.

Мониторинг нәтижесі көрсеткендей, аудандық емтихан-тіркеу бөлімшелерінде алғаш рет жүргізуші куәлігін алушылардың қаладағы мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталығынан алушылармен салыстырғанда пайыздық ара салмағы, яғни өту мүмкіндігі 2-3 есе жоғары (мамандандырылған орталықта – 28%, Хромтау ауданында – 44%, Темір ауданында – 81,5% құрайды).

Бұл сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне қатысты сұрақты туындатады. Себебі, аудандық жерлерде бейнебақылау жоқ, бақылау тиісті дәрежеде емес, автодроммен және бейнебақылаумен жабдықталған автокөліктермен қамтамасыз етілмеген. Нәтижесінде, 2018 жылдың қараша айында Полиция департаментінің Хромтау аудандық емтихан-тіркеу бөлімшесінің қызметкері осындай фактілерге жол бергені үшін Ұлттық бюромен ұсталды.

Осыған байланысты, қазір департамент облыс әкімдігімен және Азаматтарға арналған үкімет облыстық филиалымен бірлесіп, Темір және Мұғалжар аудандарында тіркеу-емтихан бөлімдерін азаматтарға арналған үкімет ғимараттарына көшірді. Байланыс құралдарын қосу, электрондық кезекті үйлестіру, бейнекамералар орнату жұмыстары жүргізілуде. Шалқар және Хромтау аудандарында да жақын аралықта көшіру жоспарланып отыр. Бұл сұраққа байланысты жалпы жүргізуші куәлігін алғаш алуды толығымен облыс орталығында беруге ұсыныс жасалып отыр, бұл осы саладағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайтуға үлкен ықпал етеді.

Осы жерде Азаматтарға арналған үкімет ғимараттарында орналасқан екінші деңгейлі банктердің қызметіне қатысты бір ұсыныс жасалды. Бұл банктерде тұрғындар үшін мемлекеттік қызметтерді алу кезінде баж салығына әртүрлі комиссиялық алым мөлшері бекітілген. Мысалы, жеке төлқұжат алу үшін баж салығы 505 теңгені құраса, ол үшін комиссиялық алым «Қазпошта» АҚ – 202 теңге, «Нұрбанк» АҚ – 205 теңге, «ҚазАФМ» АҚ мультикассасында – 500 теңге құрайды. Жүргізуші куәлігін алу

үшін баж салығы 3156 теңгені құраса, ол үшін комиссиялық алым «Қазпошта» АҚ – 150 теңге, «Нұрбанк» АҚ – 250 теңге, «АзияКредитБанк» АҚ – 294 теңге, «Эксимбанк» АҚ – 200 теңге құрайды. Бұл жағдай тұрғындардың арасында наразылық тудырып отыр. Банктерге тиісті ұсыныстар енгізілді, заң шеңберінде бағаны тұрақтандыру, тұрғындарды комиссиялық алым мөлшері жөнінде ақпараттандыру туралы ұсыныс енгізілді.

Сонымен қатар, жобалық кеңсе қызметкерлерімен және қоғам белсенділерінің қатысуымен жоғалған автокөліктің тіркеу номерлерін қайта даярлау шаралары бойынша «Жасырын сатып алушы» әдісімен әлеуметтік желілер мен ақпараттық баспаларда мониторинг жүргізілді. Мониторинг нәтижесінде, кез-келген автокөліктің тіркеу номерін 19 200 теңгеге дайындап беретін делдал тұлғалар анықталды.

ҚР ІІМ-нің 2015 жылғы 23 сәуірдегі №3 бұйрығымен бекітілген (ҚР Ішкі істер органдарының бөлімшелерінде көлік құралдарын тіркеу туралы куәліктердің бланкілерін дайындау, сақтау және есепке алу, көлік құралдарының мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілерін беру және дайындау қағидаларын бекіту) Ережеде мемлекеттік тіркеу номерлерін әзірлеу және қайта әзірлеудің тәртібі айқын көрсетілген. Бұл қызметтер Нұр-Сұлтан, Алматы қалаларында 5, Шымкент қаласында 15 жұмыс күні ішінде көрсетіледі және қызметке тапсырыс беру кезінде 2,8 АЕК немесе 7070 теңге баж салығы мен болған жағдайда бұрынғы айыппұлдарын төлеу талап етіледі. Дегенмен, азаматтар уақытты қысқарту және айыппұлдарын жасыру мақсатында аталған қызметті алуда ортадағы осындай делдалдарға жүгінеді.

Қазіргі күні бұл бағытта құқық қорғау органдарымен бірлескен жұмыстар жүргізілуде. Жоғарыдағы ақпараттарды назарға ала отырып, жобалық кеңсе тұрғындарды аталған қызметті тек «Азаматтарға арналған үкімет» арқылы алуды ескертеді. Жобалық кеңсе тарапынан сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудыратын жол белгілерін, жол қозғалысына кедергі келтіретін

жарнамалық нысандарды анықтау және оларды жою жұмыстары қолға алынды.

Қоғам белсенділерінің және қала тұрғындарының ұсынысына сәйкес, жобалық кеңсе Ақтөбе қаласының әкімдігімен бірлесе отырып қаланың басты көшесі саналатын Әбілхайыр хан даңғылы бойындағы жемқорлық тудыратын жол белгілерін алдыртып тастады. Яғни, көлікті тігінен қою мүмкіндігі бар жерлерге көлденеңнен қою белгілері орнатылған. Осы жағдайды жол патрульдік полиция қызметкерлері пайдаланып, азаматтарға айыппұлдар салған немесе мүмкін сыбайлас жемқорлық фактілеріне жол беріп отырған. Мысалы, автокөлікті тұраққа дұрыс қоймағаны үшін айыппұл көлемі 10 АЕК (25250 теңге) құрайды. Бұл жол белгілері туралы тұрғындар бірнеше жылдан бері шағымданса да, жауапты мекемелермен тиісті шаралар қолданылмаған.

Сонымен қатар, қаланың орталық көшелерінде жол қозғалысына кедергі келтіретін 10-нан астам жарнамалық нысандарға да сараптама жасалды. Бүгінгі күні раушан түріндегі гүл мүсіндері алынып тасталды. Қалған жарнама нысандары ауа-райы қолайлы болып, топырақ кепкеннен кейін ауыстырылатын болады. Бұл жарнама нысандары көлік жүргізушілеріне бағдаршамдарды немесе жаяу жүргіншілерді көрмей қалу қаупін төндірген.

Ағымдағы жылдың наурыз айында көші-қон қызметі орталығында шетел азаматтарының мемлекеттік қызметтерді алуы барысында заңсыз делдалдық қызметтер ұсынушылардың жолын кесу мақсатында «Жасырын сатып алушы» шарасы ұйымдастырылып, бірнеше тұлға анықталды. Орталыққа келуші азаматтардан алынған сауалнамаға сәйкес, заңсыз делдалдардың 35000 теңге көлеміндегі сомаға дейін сыйақы алатындығы анықталды. Аталған заңсыз сыйақыны қолхат арқылы қарыз ретінде рәсімдеп алады екен.

Жобалық кеңсемен «Саналы ұрпақ» республикалық жобасы аясында ағымдағы жылдың 25 ақпаны мен 20 наурызы аралығында жоғары оқу орындары мен орта кәсіптік білім беру студенттері арасында жасырын

сауалнама жүргізілді. Сауалнама сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және заңсыз материалдық сыйақы алу фактілерін анықтау мақсатында ұйымдастырылды. Сауалнама жалпы саны 1552 студентті құрайтын өңірдегі 4 жоғары оқу орны мен 11 мемлекеттік колледждерді қамтыды.

Сауалнама нәтижесіне сәйкес емтиханның оң қорытындысы үшін жергілікті жоғары оқу орындары мен колледждерде 1000-80000 теңге көлемінде заңсыз материалдық сыйақы алу және беру фактілерінің бар екендігі анықталды. Бүгінгі таңда, жүргізілген сауалнама туралы ақпараттар тиісті заңдық шаралар қолдану үшін құқық қорғау органдарына жолданды.

Сонымен қатар оқу орындары басшыларының және қоғам белсенділерінің қатысуымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы кездесу ұйымдастырылып, мәселе кеңінен талқыланды.

Жалпы, оқу орындарындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытында департамент және оқу орындарымен жұмыстар бұған дейін де атқарылып келген:

- 2017 жылы барлық оқу орындары басшыларымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы хартияға қол қойылып, нақты міндеттер айқындалды;

- осы жылы барлық оқу орындарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы комиссиялар жасақталды;

- 2018 жылы магистратура мен докторантураға білім гранттарын бөлуге департамент жанындағы арнайы мониторингтік топ мүшелері қатысты;

- барлық оқу орындарында студенттерге қызмет көрсету орталықтары ашылды;

- «Саналы ұрпақ» жобалық кеңсесі құрылып, студенттік клубтар жасақталды;

- антиплагиат бағдарламасы іске қосылды, емтихан өткізу кабинеттері бейнебақылау жүйесімен қамтамасыз етілді, мұғалімдерге қосымша ақы төлеу мәселесі шешілді.

Жобалық кеңсе қызметкерлері оқушылар арасындағы облыстық олимпиадаға, мектеп басшылығына үміткерлерді тестілеуден өткізуге

байқаушы ретінде қатысып, ашықтықты қамтамасыз етті.

Алдағы уақытта сыбайлас жемқорлық қылмыстарына жол берген мемлекеттік қызметшілердің істері міндетті түрде ашық өткізіліп, ұжымның және басқа да мемлекеттік қызметшілердің қатысуымен өтетін болады. Бұдан өзге қылмыстық-атқару жүйесі департаментімен бірлесіп, мемлекеттік орган басшыларына түзету мекемелерінде экскурсия өткізу қолға алынды. Бұл шараның нақты алдын-алу маңызы бар.

Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев өз сөзінде мемлекеттік қызметкерлердің әлеуметтік желіде белсенділік танытып, халықпен тығыз қарым-қатынас орнатуын тапсырған болатын. Сонымен қатар, жобалық кеңсе бағыттарын ескере отырып және тұрғындардың әлеуметтік желілердегі белсенділігін ескеріп, Инстаграм желісінде тұрақты тікелей эфир айдары ашылды. Ол жерде мемлекеттік мекемелердің бірінші басшылары тұрғындардың сұрақтарына тікелей эфирде жауап береді. Бүгінгі күнге дейін облыстық білім беру, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар және денсаулық сақтау басқармалардың басшылары тікелей эфирге қосылды. Тікелей эфир барысында азаматтардан 200-ден астам сұрақтар түсіп, кейбір мәселелер дер кезінде шешімдерін тапты.

Бұдан басқа 97 кәсіпкерлік субъектілерінің ұжымымен мақсатты кездесулер ұйымдастырылып, мемлекет саясатының негізгі бағыттары түсіндірілді. «Protecting Business and Investments» (Бизнес пен инвесторларды қорғау) жобасы аясында мемлекеттік органдар тарапынан сөзбұйдашылыққа жол берілген жағдайда, жобалық кеңсеге жүгіну мүмкіндігі бар.

Сонымен қатар, Ақтөбе облысының емхана мен ауруханаларында визуалды мониторинг іс-шаралары белсенді түрде жүргізілуде. Наурыз айында ем алушылардың шағымдары бойынша жобалық кеңсе қызметкерлері Ақтөбе облыстық балалар ауруханасында болды. Көптеген фактілер расталды, нәтижесінде облыстық денсаулық сақтау басқармасына орын алған кемшіліктерді

шұғыл жою бойынша нұсқамалар жолданды. Бірлесіп атқарылған жұмыс қорытындысымен бүгінгі таңда негізгі кемшіліктер жойылды.

Бұрын облыстық балалар ауруханасының емделушілері суық палаталарға шағымданып, жылытқыштар әкелуге мәжбүр болған болса, бүгінде жылу беру мәселесі толығымен шешілген. Барлық палаталарда дәретханалар жұмыс жасап, ыстық және суық сумен толық қамтамасыз етілген. Сонымен қатар, өрт қауіпсіздігі мәселесі де шешіліп, аурухананың барлық қабаттарында алғашқы өрт сөндіру құралдары орнатылды. Мұндай жұмыстар облыстың барлық емдеу мекемелерінде жүргізіледі.

Сонымен қатар, қазіргі таңда уақытша еңбекке жарамсыздық парақтарының заңдылығын тексеру толығымен автоматтандырылған. Берілген ауруханалық парақтың заңдылығын тексеру үшін «DamuMed» мобильдік қосымшасында ақпараттық сервис әзірленді. Енді жұмыс берушілерде берілген медициналық құжаттың дұрыстығын өз бетінше тексеру мүмкіндігі бар. Егер азамат шын мәнінде медициналық ұйымда тіркелген болса, онда жүйе сәйкестендіру нөмірінің кодын және пациенттің деректерін көрсетеді. Бланкілерде QR-код орналасқан. Жұмыс берушілер DamuMed қосымшасын көшіріп алып, QR-кодқа смартфонның камерасын жақындатып, «еңбекке уақытша жарамсыздық парақтары» бөлімшесінде құжаттың түпнұсқалығы туралы барлық қажетті ақпаратты ала алады.

Тұрмыстық жемқорлықты 8 бағытта азайтуға бағытталған «Ақтөбе – адалдық алаңы» жобасы өзінің нәтижесін көрсетіп отыр. Бұл бағытта тиімді шаралардың жүзеге асырылуы халықтың билікке сенімін арттырады, тұтастай алғанда мемлекеттік қызметтің имиджін арттыруға ықпал етеді.

Жобалық менеджментті мемлекеттік секторға енгізу – тек мемлекеттік инвестициялық жобаларды табысты жүзеге асыру құралы, ел экономикасын дамыту, оны әлемдік нарықта бәсекеге қабілетті ету, халқының өмір сүру сапасын арттыру құралы ғана

емес, сонымен қатар ескірген бюрократиялық ойлаудың орнын басу құралы болып табылады. Жобалық басқару – өзара әрекет етудің жаңа, командалық тәсілі.

«Қазақстан-2025» Стратегиясы бойынша 7-реформа: «Мемлекеттік сектор өзгерістер көшбасшысы ретінде» реформасының мәні өзінің үлгісінде өзгерістердің жүзеге асырылуын көрсететін, елдегі өзгерістердің бастамашысы және көшбасшысы ретінде мемлекеттік органдардың рөлін арттыру мақсатын көздейді [8]. Нәтижеге бағдарлану, сапалы және дұрыс түсіндірілген деректерді қамтамасыз ету, сондай-ақ жобалар мен даму бағдарламалары барынша нәтижелі болуы үшін жобалық басқаруды қолдану мемлекеттік органдар жұмысының жалпы тиімділігін елеулі көтеруге мүмкіндік береді.

Қазақстан-2025 стратегиясы бойынша мемлекеттік органдардың ішінде, бірінші кезекте, ірі өзгерістерді талап ететін жобаларды әзірлеу мен іске асыру сияқты салаларда пайдалану үшін жобалау тәсілдерін тарату бойынша жұмыстар жүргізілетін болады. Ең қазіргі заманғы, мысалы, цифрлық технологияларға байланысты тақырыптар бойынша бағдарламалар мен жобалар әзірлеу үшін Agile сияқты қазіргі заманғы тәсілдер қолданылатын болады.

ӘДЕБИЕТ

1. Тұңғыш Президент Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Қазақстан халқына жолдауы, 2012 жылғы 14 желтоқсан. (2012, 15 желтоқсан). *Егемен Қазақстан*.
2. Тайжанова, Ж.А. (2018). Цифрлық мемлекеттік басқаруда жобалық әдіс. *Мемлекеттік басқару және мемлекеттік қызмет*, 2, 47-52.
3. Хелдман, К. (2017). *Управление проектами. Быстрый старт*. Москва: ДМК.
4. Мазур, И.И., Шапиро, В.Д., Ольдерогге, Н.Г. (2013). *Управление проектами*. Москва: Омега-Л.
5. Романько, Е.Б., Ескерова, З.А., Мусабекова, А.О. (2017). Формирование и развитие проектного менеджмента в Республике Казахстан. *Вопросы экономики и управления*, 1, 54-56.
6. Ойнаров, А.Р., Душабаев, Д.Ш., Картов, А.Е. (1998). Алгоритм внедрения системы управления проектной деятельностью в государственные органы Республики Казахстан. *Вестник КарГУ*, 4.
7. Тайжанова, Ж.А. (2017). Мемлекеттік басқаруда жобалық менеджментті енгізу туралы. *Мемлекеттік басқару және мемлекеттік қызмет*, 4, 9-14.
8. Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары «Қазақстан-2025» 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығы. Дереккөз: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P170000079>

Қазақстан Республикасы Президентінің «Баршаға ортақ игілік! Сабақтастық. Әділдік. Өрлеу.» сайлауалды тұғырнамасын және жалпыұлттық «Бірге» акциясы барысында алынған ұсыныстарды жүзеге асыру қазақстандық қоғам мен мемлекетті одан әрі жаңғыртуға бағытталған реформаларды тиімді жүзеге асыру үшін жобалық менеджмент қағидаттарын басшылыққа алу ұсынылады[9]. Аталмыш реформаларды жүзеге асыруда жобалық басқару технологиялары бюджеттік жоспарлауды жақсартуға, бюджет құралдарын пайдалану тиімділігін арттыруға, жоспарланған мерзім мен құралдар аясында жүзеге асырылған жобалардың санын арттыруға, сонымен қатар мемлекеттік инвестициялық жобаларды сапалы жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік секторға жобалық менеджмент қағидаларын енгізу түрлі басқару деңгейіндегі мемлекеттік қызметшілерге экономика мен қоғамның дамуының өзекті міндеттерін неғұрлым тиімді шешуге мүмкіндік береді. Жобаларды басқару мемлекеттік басқару жүйесінің құрамы, түрлі мемлекеттік бағдарламалар, жоспарлар мен жобаларды табысты жүзеге асырудың әмбебап кілті болып табылады.